

## Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 22 қараша N 3237. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.03.20. N 88 жарлығымен. ~U990088

Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_ 44-бабының 20)-тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдарды тарту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 16 шілдедегі N 3067 U963067\_ Жарлығының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін қарау жөніндегі өкілеттіктерін кеңейту мақсатында қаулы етемін:

1. Мыналар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы ереже

(N 1 қосымша);

2) Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің құрамы

(N 2 қосымша).

2. "Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 желтоқсандағы N 2728 Жарлығының 3-тармағынан басқасының күші жойылған деп танылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1996 жылғы 22 қарашадағы  
N 3237 Жарлығына  
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы  
Ереже

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі (бұдан былай - Қауіпсіздік Кеңесі) Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын, елдің тәуелсіздігі мен аймақтық тұтастығын қорғау аясында біртұтас саясат жүргізу саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша Мемлекет басшысының шешімдерін әзірлеу және өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдесу үшін Қазақстан Республикасының Президенті құратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Қауіпсіздік Кеңесі қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

## II. Қауіпсіздік Кеңесінің негізгі міндеттері

3. Қауіпсіздік Кеңесінің негізгі міндеттері мыналар:

1) мемлекеттік мүдделердің аясын, оларды іске асыру мен қорғаудың негізгі бағыттарын айқындау, ұлттық қауіпсіздікке ішкі және сыртқы қатерлерді анықтау, олардың алдын алудың, тыйып тастаудың және тойтарудың әдістерін, нысандары мен құралдарын таңдап алу;

2) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу ;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің тұжырымдамасын әзірлеу ;

4) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ішкі, сыртқы және әскери саясат мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін және осы шешімдерді жүзеге асыру шаралары жөнінде Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу;

5) ұлттық қауіпсіздік саласында Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және бұзу жөнінде ұсынымдар дайындау.

## III. Қауіпсіздік Кеңесінің функциялары

4. Негізгі міндеттеріне сәйкес Қауіпсіздік Кеңесі мынадай функцияларды атқарады :

1) әлемдегі және аймақтардағы ахуалдың дамуына Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мүдделері тұрғысынан кешенді талдауды жүзеге асыру ;

2) жеке адамға, қоғам мен мемлекетке қатысты қауіпсіздіктің ұлттық, экономикалық, қоғамдық, қорғаныстық, экологиялық, ақпараттық және өзге де түрлері проблемаларын қарастырады ;

3) республика қауіпсіздігіне ішкі және сыртқы қауіп-қатер көздерін айқындау және олардың туындауына болжам жасау, олардың алдын алу жөнінде шаралар қолдану ;

4) құқық қорғау, орталық және жергілікті атқарушы органдардың ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылын үйлестіру, Қазақстан Республикасы Президентіне олардың қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу ;

5) ұлттық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету стратегиясы мен қорғау шаралары жөніндегі заң жобаларын талдау, олар жөнінен Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынымдар табыс ету ;

6) қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері мен құралдарын жасақтау, бақылау, әзірлікте ұстау мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізу ;

7) жеке адам, қоғам және мемлекет қауіпсіздігі саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру ;

8) ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру, анықталған кемшіліктерді, олардың туындауына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентіне ұсыныстар енгізу.

#### ІҮ. Қауіпсіздік Кеңесінің құрамы мен оны жасақтау тәртібі

5. Қазақстан Республикасының Президенті Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы болып табылады .

6. Қауіпсіздік Кеңесін Қазақстан Республикасының Президенті жасақтайды және ол Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының ұсынуы бойынша (бұдан былай - Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы) Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелерінен тұрады .

7. Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына лауазымдары бойынша: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы, Қазақстан Республикасы Президентінің Бірінші көмекшісі, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасы "Барлау" қызметінің Директоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің бастығы, кіреді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына өзге де лауазымды адамдары енгізе алады.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтан сөздер алынып тасталды және толықтырылды - ҚР Президентінің 1997.11.14. N 3758 жарлығымен. U973758\_

Ү. Қауіпсіздік Кеңесінің жұмыс тәртібі мен оның қызметін қамтамасыз ету

8. Қауіпсіздік Кеңесінің отырыстары Қазақстан Республикасы Президентінің немесе оның тапсыруымен Қауіпсіздік Кеңесі мүшелерінің бірінің төрағалық етуімен қажеттілікке қарай өткізіледі және хаттамамен ресімделеді.

Қауіпсіздік Кеңесінің отырыстары оның мүшелерінің үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы. Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз жеке өздері қатысады.

9. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Қауіпсіздік Кеңесі мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

10. Қажет болған жағдайда Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Үкіметінің актілері арқылы іске асырылуы мүмкін.

Аса маңызды мәселелер алдын ала Қауіпсіздік Кеңесі мүшелерінің жұмыс бабындағы кеңестерінде алдын ала талқыланады, олар Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының басшылығымен өткізіледі.

11. Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығы қамтамасыз етеді: Қауіпсіздік Кеңесі Хатшылығының құрылымы мен штатын Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы мен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

Қажет болған жағдайда Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету үшін Қауіпсіздік Кеңесінің ведомствоаралық комиссиялары мен жұмыс топтары құрылуы мүмкін. Қауіпсіздік Кеңесінің отырыстарын әзірлеген кезде олардың басшыларының келісімімен Президент Әкімшілігінің басқа да құрылымдық бөлімшелерінің, Үкімет пен Парламент Палаталары аппараттарының, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақ стратегиялық зерттеулер институтының өкілдері тартылуы мүмкін.

12. Өзара іс-қимыл мен жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының ұсынуы бойынша Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығындағы лауазымдардың бірқатары мемлекеттік органдардың қызметкерлерін іссапарға жіберу жолымен атқарылуы мүмкін.

## VI. Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының өкілеттігі

13. Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын лауазымды адам болып табылады.

Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы:

1) Қазақстан Республикасының Президентін мемлекеттің қорғаныс қабілеті, қылмысқа қарсы күрес проблемаларын қоса алғанда, сыртқы және ішкі қауіпсіздік мәселелері жөнінде хабардар етеді. Қауіпсіздік Кеңесі Хатшылығының жұмысына басшылықты жүзеге асырады;

2) Қауіпсіздік Кеңесі мен оның Хатшылығының қызметтік құжаттамасына қ о л қ о я д ы ;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Қауіпсіздік Кеңесі жылдық жұмыс жоспарларын, Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдері мен оларды іске асыру жөніндегі актілердің жобаларын табыс етеді;

4) Қауіпсіздік Кеңесінің тапсыруы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өкімдерінің іске асырылуына, Қауіпсіздік Кеңесі шешімдерінің орындалуына бақылауды, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік органдардың жұмысын тексеруді жүзеге асырады. Тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті мен Қауіпсіздік Кеңесіне ұсыныстар енгізеді;

5) жұмыс топтарын құрады және Мемлекет басшысына ведомствоаралық комиссиялар құру, олардың міндеттері мен құрамы жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысымен келісе отырып Мемлекет басшысына Қазақстан Республикасы прокуратура

органдарының, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Кеден комитетінің, Мемлекеттік салық комитетінің Салық полициясы бас басқармасының кадр мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді;

7) Қазақстан Республикасының Президентіне жоғары әскери және арнаулы атақтар беру мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді;

8) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралған кезде Үкіметтің және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі құрған басқа да органдардың, министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың отырыстарына қатысуға құқылы;

9) Қауіпсіздік Кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қауіпсіздік Кеңесі Хатшылығының халықаралық ұйымдармен, шетелдік үкіметтік және үкіметтік емес құрылымдармен, қоғамдық және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

10) Қазақстан Республикасының Президенті мен Қауіпсіздік Кеңесінің өзге де тапсырмаларын орындайды;

11) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады.

## VII. Қауіпсіздік Кеңесінің ведомствоаралық комиссиялары мен жұмыс топтары

14. Қауіпсіздік Кеңесі қызметінің бағыттарына сәйкес ведомствоаралық комиссиялар құрылады, олардың құрамы мен міндетін Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды. Ведомствоаралық комиссиялары Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері басқарады, ал олардың қызметін Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы үйлестіреді. Жекелеген мәселелерді қарау үшін Қауіпсіздік Кеңесі Хатшылығының жанына жұмыс топтары құрылуы мүмкін, олардың құрамын Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы бекітеді.

15. Ведомствоаралық комиссиялар мен жұмыс топтары Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырыстарына материалдар даярлауды жүзеге асырады. Қауіпсіздік Кеңесінің немесе оның Хатшысының тапсырмасы бойынша талдау, зерттеу жұмысын орындайды, сыртқы, қорғаныс, экономикалық және қоғамдық қауіпсіздік саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар мен

ұсынымдар әзірлейді және қызметінің нәтижелері туралы Қауіпсіздік Кеңесін хабардар етеді.

16. Қауіпсіздік Кеңесінің ведомствоаралық комиссиялары мен жұмыс топтарының қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді осы комиссиялардың жұмысына өз өкілдері қатысатын мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1996 жылғы 22 қарашадағы  
N 3237 Жарлығына  
N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің  
Құрамы

Балғымбаев - Қазақстан Республикасының  
Нұрлан Өтепұлы Премьер-Министрі

Кекілбаев - Қазақстан Республикасының  
Әбіш Кекілбайұлы Мемлекеттік хатшысы

Есимов - Қазақстан Республикасы  
Ахметжан Смагулович Президенті Әкімшілігінің  
Басшысы

Әбіқаев - Қазақстан Республикасы  
Нұртай Әбіқайұлы Президентінің Бірінші көмекшісі

Алтынбаев - Қазақстан Республикасының  
Мұхтар Қапашұлы Қорғаныс министрі

Мұсаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Әлнұр Әлжапарұлы қауіпсіздік комитетінің төрағасы

Мыңбаев Сауат - Қазақстан Республикасының

Мұхаметбайұлы

Қаржы министрі

Сәрсеков Бексұлтан - Қазақстан Республикасының  
Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы

Сүлейменов - Қазақстан Республикасының  
Қайырбек Шошанұлы Ішкі істер министрі

Тоқаев - Қазақстан Республикасының  
Қасымжомарт Кемелұлы Сыртқы істер министрі

Баекенов - Қазақстан Республикасы  
Болат Әбдірахманұлы Президентінің Күзет қызметінің  
бастығы

Хитрин - Қазақстан Республикасының  
Юрий Александрович Бас Прокуроры

Өтембаев - Қазақстан Республикасының  
Ержан Әбілқайырұлы Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар жөніндегі агенттігінің  
төрағасы

Рысбаев Жеңіс - Қазақстан Республикасы "Барлау"  
Қайыржанұлы Қызметінің директоры

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1997.11.14.  
N 3758 жарлығымен.

U973758\_

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1998.05.18.  
N 3955 жарлығымен.



U983955\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК